

Малика Толгандиевна Отыншиеваның
6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған
«Жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart
технологиялар негізінде саралап оқытудың педагогикалық шарттары
(тілдік емес мамандықтар мысалында)» тақырыбындағы диссертациясына
берілген ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Еліміздің білім беру жүйесі түбегейлі өзгеріп оқытудың жаңа түрлері, әдістері, әдістемелері мен жаңа бағыттағы инновациялық, педагогикалық технологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының толығымен жаңаруына себепші болуда. Заманауи жоғары оқу орындарының алдындағы жаңа міндеттердің бірі инновациялық педагогикалық оқыту технологияларын пайдаланып білім сапасын арттыру.

Бұл бағытта, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп білім мен тәрбие беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

Мұндай жағдайда педагогикалық үдерістің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер–оқытушы мен білім алушыға тұлғалық бағытталған өзара әрекеті болып табылады және егеменді еліміздің болашағы дарынды, білімді, ізденімпаз, ағылшын тілін жетік меңгерген жастарды тәрбелеуді басшылыққа алады. Осыған орай, бүгінгі күні жоғары оқу орындарының алдында тұрған басты міндет – өзіндік айтар ой-пікірі бар, жоғары сапалы, белсенді үш тілді меңгерген мамандар тәрбиелеп шығару.

Жеке тұлғалардың қалыптасуын қамтамасыз ететін деңгейлеп, саралап оқыту, жобалап оқыту, коммуникативті оқыту, ақпаратты-коммуникациялы оқытудың негізгі-қағидалары білім алушыға өз бетімен ықпал ету, өзіндік пікірлерін анық жүйелі жеткізе алатын жеке тұлға қалыптастыру, білім алушылардың, танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту болып табылады.

Осыған орай, автор жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқыту мәселесі педагогикадағы басым міндеттердің бірі болып саналатындығын анықтап, оған педагогтардың, психологтардың, философтардың және әдіскерлердің зерттеулерінде, ғылыми трактаттарында берілген көптеген түсіндірмелер, нақтылаулар, көзқарастар, уақыт өте келе педагогиканың өзекті проблема екендігіне көз жеткізді.

Зерттеуші М.Т. Отыншиева орындаған жұмысында, 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған еліміздің даму стратегиясында қазақ тілін өркендету мен шет тілдерді оқыту мәселесіне айрықша мән берілгендігін. «Бүгінгі күні үштілді

білім беру – заман талабы. Көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы — қазіргі білім беру жүйесі мен қоғамдағы көкейтесті проблемалардың бірі деп негіздеген.

Автор зерттеу жұмыс барысында жүзеге асырылған ғылыми- педагогикалық әдебиеттерді талдау, заңнамалық пен нормативтік құжаттарды зерделеу, сонымен қатар диссертациялық жұмысына арналған зерттеулерге жүргізілген экскурс және аталмыш мәселенің теориялық және практикалық тұстарының зерттелу жағдайын саралау негізінде бұл мәселе бойынша қазіргі уақытқа дейін арнайы зерттеулер жүргізілмей, тек қана оның кейбір аспектілері мен мәселелері қарастырылғандығына көз жеткізіп, соның негізінде зерттеу жұмысының аясында келесі қарама-қайшылықтар айқындалған:

– технология ғасырында мемлекеттік саясаттың талаптары мен жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқыту мәселесі ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан негізделмегендігі;

– жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқыту қажеттілігі мен қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқыту жайлы ғылыми тұрғыдан бірегей, ортақ анықтама мен жіктеудің болмауы және аталмыш оқытудың педагогикалық шарттарының айқындалмауы;

– жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытуда білім беру контентін, соның ішінде электронды білім беру ресурстарын қолданудың қажеттілігі мен бұл мәселенің әдістемелік тұрғыдан жеткіліксіз қамтамасыз етілуі;

– қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытуда мәселесін шешудегі шетелдік және қазақстандық оң тәжірибені анықтау қажеттілігі және осы саладағы зерттеудің практикалық тұсының жеткіліксіз қарастырылуы.

Осы орайда, зерттеу жұмысының қажеттілігі және өзектілігі көрінеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

1. Тілдік емес мамандық студенттеріне ағылшын тілін саралап оқытудың мәндік сипаттамасы негізделіп («Тілдік емес мамандық студенттеріне ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқыту» ұғымының авторлық анықтамасы) берілген.

2. Қашықтықтан білім беруде Smart технологиялардың орны мен мүмкіндіктерін айқындалған.

3. Жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың педагогикалық шарттарын жасалды және моделі құрастырылған.

4. Жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың әдістемесі әзірленіп тәжірибелік эксперимент барысында оның тиімділігі тексерілген.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың әдістемесі әзірленгендігі.

1. «Practical course for developing students' communicative skills in English language (A2-B1 levels)» яғни «Студенттердің ағылшын тіліндегі коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған практикалық курс (A2-B1 деңгейлері)».

2. Focus ON. Handbook for developing communicative skills (B1-B2levels): Handbook яғни «Коммуникативті дағдыларды дамытуға арналған (B1-B2 деңгейлері)» атты оқу-әдістемелік құралының әзірленуі.

Диссертацияның барлық бөлімдері бір - бірімен байланысты және оны жазу барысында ішкі бірлігі сақталған. Жұмыс тақырыптың өзектілігін, оның зерттелу деңгейі мен жағдайын, зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтаудан басталып, содан кейін зерттеу нәтижелері мен қорытындылары беріліп, зерттеу болжамы мен қойылған міндеттердің шешімдерімен аяқталады. Атап өтетін бір жайт, ол «Тілдік емес мамандық студенттеріне ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқыту» ұғымына берілген авторлық анықтамасы..

Эксперименттің нәтижесі көрсеткендей тілдік емес мамандық студенттеріне ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқыту процесіне сараланған тапсырмаларды енгізу білім алушылардың пәндік дағдыларының қалыптасу деңгейін арттыруға ықпал етеді деген қорытынды жасауға болады. Бұл жеке студенттердің білімін арттыруға негіз болып есептеледі. Тағы бір жетістік студенттердің бір топтан екінші топқа ауысуы болды. Өз кезегінде жүргізілген зерттеу жұмыстың нәтижелерін саралай келе, ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқыту, диссертация авторына қажетті ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.

Ізденушінің ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны халықаралық, ғылыми-практикалық конференциялар мен әр түрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген еңбектерінде қамтылған. Соның ішінде 1 мақала Скопус базасына енген ғылыми журналдарда.

Қорыта келе, Отыншиева Малика Толгандиевнаның «Жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың педагогикалық шарттары (тілдік емес мамандықтар мысалында)» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы дәйекті, практикалық құндылығы жоғары және жан-жақты зерттелген, аяқталған жұмыс болып саналады. Ал автордың өзі, 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды ұлттық зерттеу университеті,
қосымша білім беру факультетінің деканы,
PhD, қауымдастырылған профессор



ҚОЙЫЛҒАН ҚОЛДЫ РАСТА

17.05.2024 И.А.Сейтжанов
И.А.Сейтжанов